

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бизнес және құқық» жоғары мектебі

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B04102 – «МЕНЕДЖМЕНТ»

2022-2026 оқу жылына арналған

АЛМАТЫ, 2022

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-
әдістемелік кеңесінің (хаттама № 1 «26» тамыз 2022 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама №
1, «29» тамыз 2022 ж.) шешімдерімен мақұлданған

Кұрастырғандар:

Калыкова Б.Б., Сатмурзаев А.А., Кусаинова Ж.А., Жапарқұлова Н.К., Есенгазиева С.К.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бүйрығы бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар әдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы: «6B04102 – МЕНЕДЖМЕНТ»

Берілетін дәреже:

«6B04102 – Менеджмент»

білім беру бағдарламасы бойынша
экономика және бизнес бакалавры

1 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер	
1 СЕМЕСТР – 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ				
<i>Міндетті компонент – 20 кр.</i>				
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5	
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5	
ЖБП	ACBM (ASMP) 1106	Әлеуметтік-сақсаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8	
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2	
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 5 кр.</i>				
БП	ET 1201	Экономикалық теория	5	
<i> Таңдау компоненті – 5 кр.</i>				
ЖБП	KSZhKM 1108	Құқық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5	
	Eko 1108	Экология		
	TAK 1108	Тіршілік әрекеттің қауіпсіздігі		
2 СЕМЕСТР – 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ				
<i>Міндетті компонент – 17 кр.</i>				
ЖБП	KT 1101	Қазақстан тарихы (МЕ)	5	
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5	
ЖБП	K(R)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5	
ЖБП	FK 1107	Дене шынықтыру	2	
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 8 кр.</i>				
БП	Mik 1202	Микроэкономика	6	
БП	UP 1204	Оқу практикасы	2	
<i> Таңдау компоненті – 5 кр.</i>				
БП	EIT 1203	Экономикалық ілімдердің тарихы	5	
	KE 1203	Қазақстан экономикасы		

Пәнді сипаттау формулары

Пәннің коды мен атауы	МВ 1201 Экономикалық теория
Пәннің ПОҚ	Карымсакова Ж.К., Джумабаева А.М., Кудайбергенова А.А.
Пән циклі	Базалық цикл/ Жоғары оқу орны компоненті
Оқу деңгейі Білім беру бағдарламасы Академиялық кредит саны	Бакалавриат «6B04102 – Менеджмент» 5
Оқыту формасы Семестр	Күндізгі I
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық; Қазақстан тарихы, География (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері Пәннің мақсаты	Микроэкономика, Макроэкономика Үй шаруашылығы, фирма, ел және әлемдік шаруашылық деңгейінде экономиканың жұмыс істеуі мен дамуын анықтайдын экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін аштын негізгі базалық ұфымдар мен теориялық ережелерді зерделеу.
Пәннің мазмұны	Экономикалық теория пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Экономикалық жүйелер. Қоғамдық шаруашылық түрлері. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Капитал: мәні мен формалары. Қесіпкерлік. Еңбек және капитал нарығы. Факторлық кірістерді қалыптастыру. Жер ренті және қесіпкердің табысы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Экономика дамуының циклділігі. Жұмыссыздық және оның түрлері. Инфляция және оның түрлері. Ақшанесие және қаржы жүйелері. Экономикалық өсім. Әлемдік экономика.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: - негізгі экономикалық санаттарды, экономикалық талдаудың методологиясы мен әдістерін, негізінде кез келген субъект, фирма, мемлекет шешім қабылдайтын принциптерін біледі ; - экономика дамуының экономикалық зандылықтарын; тиімді шешімдер қабылдау мақсатында экономикалық агенттердің іс-қимылын түсінеді ; - экономикалық құбылыстарды зерттеуде экономикалық талдау моделін; ұлттық және әлемдік экономиканың даму үрдістері туралы экономикалық ақпаратты сыни қабылдау және экономикалық талдау дағдыларын қолдана алады ; - экономикалық ойлау мәдениетін бастыны анықтау мақсатында екінші дәрежелілерден бас тарта отырып, көптеген нұсқалардан неғұрлым ұтымды шешімді қабылдауға; қоғамның дамуының жекелеген мәселелері бойынша пікірлерді жасау үшін деректерді жинақтау және интерпретациялауға; экономикалық теорияның базалық біліміне сәйкес ақпаратты талдау және қабылдау, мақсатқа жету жолдарын таңдауға құзыретті .
Корытынды бақылау формасы Мерзімі	Емтихан 1 академиялық кезең (15 апта)

Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет.
2. Доғалов А.Н. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: TechSmith, 2018.- 344б.
3. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория [Мәтін]: оқу құралы / Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М., Оралтаев Т.; Т.Рыскұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016.
4. Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория [Мәтін]: оқулық / Қ.С. Есенғалиева; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақстан-Британ техн. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2015.- 576 б.
5. Куратко Д.Ф. Қесіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет.
6. Мәуленова, С.С. Экономикалық теория: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.
7. Үсенов С.А. Экономикалық теорияның қысқаша курсы [Мәтін]: оқу құралы / С.А. Үсенов, А.С. Үсенова, М.У. Спанов.- Алматы: Полиграфкомбинат, 2019.- 72 б.
8. Бекмолдин С.Қ. Экономикалық теория: оқулық / С.Қ. Бекмолдин, С.С. Мәуленова, Е.Қ. Құдайбергенов; Т.Рыскұлов атындағы ҚазЭУ-дің осы заманғы оқу басылымдары; жалпы ред. басқ. Ә.Ә.Әбішев.- Алматы: Экономика баспасы, 2011.- 386 б.
9. Жолдасова Г. Экономика негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Г. Жолдасова.- 2 -ші басылым.- Астана: Фолиант баспасы, 2011.- 224 б.- (Кесіптік білім).
10. Исқалиев М.Д. Экономикалық теория негіздері / М.Д. Исқалиев.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б.

Қосымша әдебиеттер:

11. Хамитова К. Экономика және қесіпкерлік негіздері: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кесіптік білім).
12. Лашкарева О.В. Экономическая теория: учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 260 с.
13. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика: экономикалық маманд. оқытын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б.
14. Пястолов С.М. Экономическая теория: учебник / С.М. Пястолов.- 6-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 272 с.

Пәннің коды мен атаяуы	KSZhKM 1108 Құқық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Куандыков Б.Ж., Нурбаева Л.Б., Рыскулбекова Б.Р.
Пән циклі	Жалпы білім беретін пәндер циклы / Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәннің мақсаты	Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретінде қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық, құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез- құлықтарының стандартын, сыйбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Құқық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет оқу пәні ретінде. Құқықтың түсінігі, мәні және әлеуметтік тағайыны. Құқық нормалары және нысандары. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет. Құқыққа сай жүргіс-тұрыс, құқық бұзушылық, заңды жауапкершілік. Сыйбайлас жемқорлық ұғымы мен құрылымы. Шет елдерде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Тұлғаның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың отбасы рөлі. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тетігі ретінде қоғамдық бақылау. Саяси партиялар мен БАҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру құралдары ретінде. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие. Волонтерлық қызметті дамыту бойынша жол картасы. Сыйбайлас жемқорлық тәртіптің психологиялық тетіктері. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік. Академиялық адалдық білім беру принципі ретінде.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: - Қазақстан Республикасы Конституациясының негізгі ережелерін, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелерін, материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл механизмін, сыйбайлас жемқорлықтың мәнін және оның шығу себептерін, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шараларын біледі ; - моральдық сананың құндылығын түсінеді және күнделікті тәжірибеде адамгершілік нормаларды ұстану, адамгершілік және құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыйбайлас жемқорлықты болдырмаудың рухани-адамгершілік тетіктерін іске асырады;

	<p>- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы қолданады;</p> <p>- құқықтық реттеу саласы тұрғысынан оқиғалар мен іс-әрекеттерге талдау жасауға; қолданыстағы заңнамада бағдарлануға; заңды пайдалана отырып, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға, дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға; заңға нақты сәйкес шешімдер қабылдау және заңдық іс-әрекеттер жасауға құзыретті.</p>
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Мәтін]: 1995 ж. 30 тамызда респ. реферундумда қабылданған.- Алматы: Норма-К, 2018.- 44 б.</p> <p>2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі.-Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 268 б. 30-тaraу «Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» 185 бет.</p> <p>3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі 2015-2025 жылдарға арналған салалық бағдарламасы</p> <p>4. Баймодина С.М. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью: учебное пособие / С.М. Баймодина.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с.</p> <p>5. Турдалиев Ә.О. Сыйбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы [Мәтін]: оқу құралы / Ә.О. Турдалиев, Ж.Ж. Жағыпар.- Алматы: Монтеクリсто, 2018.- 372 б.</p> <p>6. Ағыбаев А.Н. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық [Мәтін]: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев, А.Т. Қожаниязов.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 160 б.</p> <p>7. Мырзатаев Н.Д. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес [Мәтін]: оқу құралы / Н.Д. Мырзатаев.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 112 б.</p> <p>8. Сейтхожин Б.У. Квалификация коррупционных преступлений: теория и практика применения [Текст]: учеб. пособие / Б.У. Сейтхожин, Б.Ш. Сарсембаев, А.Х. Феткулов.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 204 с.</p> <p>9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы [Мәтін].- Алматы: Альманах, 2017.- 30 б.- (Заң кітапханасы).</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы [Мәтін] = О борьбе с коррупцией: ҚР Заны: 2003 ж. 15 ақпанына дейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы.- Алматы: Жеті жарғы, 2003.- 40 б.</p>

Пәннің коды мен атауы	Eko 1108 Экология
Пәннің ПОҚ	Еликбаев Б.К., Сагидолдина Ж.Е., Әбдірахымов Н.Ә., Жанибекова А.О.
Пән циклі	Жалпы білім беретін пәндер циклы/ Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат

Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	I
Пәннің пререквизиттері	Химия, Биология (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәннің мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім беру, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білімдерді қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Экология және оның қысқаша даму тарихы. Экология туралы түсінік. Популяциялар экологиясы – демэкология. Популяция туралы жалпы мағлұмат. Популяция құрылымы мен түрлері. Қауымдастықтар экологиясы-синэкология. Синэкологияның зерттеу объектілеріне жалпы сипаттама. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера – ғаламдық экожүйе ретінде. Табиғат ұғымына анықтама. Ресурстардың жіктелуі. Табиғат пен қоғамның өзара әсерлесу тарихы. Қазірігі заманың әлеуметтік экологиялық проблемалары. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың маңызы. Жасыл экономика және тұрақты даму. Қалдықсыз және аз қалдықты өндірістік технологиялар.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: <ul style="list-style-type: none"> - экологиялық ғылымның қалыптасу тарихын және оның мәселелерін, табиғатты қорғау және табиғатты тиімді пайдалануды біледі; - табиғатта және қоғамда пайда болатын құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді; - экологиялық процестерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының басымдықтары мен міндеттерін қою кезінде қойылған міндеттерді шешу үшін алынған білімді қолдана алады; - табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында; Биосфера мен биоалуантүрліліктің тұрақтылығын сақтау және Апатты дағдарыссыз социумды дамыту мақсатында; орта факторларының әсер ету дәрежесін анықтауда құзыретті.
Қорытынды бақылау формасы	Экзамен
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 алта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оспанова Г.С. Экология [Мәтін]: оқулық / Г.С Оспанова, Г.Т Бозшатаева.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б. 2. Мустафаева Р.М. Экология [Мәтін]: оку құралы / Р.М. Мустафаева.- Алматы: Альманах, 2019.- 495 б. 3. Жайлышбай К.Н. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі оқу құралы / К.Н. Жайлышбай, С.К. Райымқұлова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 84 б. 4. Баубеков С.Ж. Табиғатты қорғаудағы экология негіздері: оқулық / С.Ж. Баубеков, С.Т. Дүйсенбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 308 б. 5. Бигалиев А.Б. Биоэкология: «Экология» мамандығы

	<p>бойынша ун-т студ. арн. оқулық / А.Б. Бигалиев.- Алматы: Эверо, 2015.- 276 б.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Әлинов М.Ш. Тұрақты дамудың негіздері [Мәтін]: лекциялар курсы: оқу құралы / М.Ш. Әлинов; ҚР Білім және ғылым м-гі.- Алматы: Бастау, 2013.- 200 б.</p> <p>7. Братков В.В. Геоэкология [Мәтін]: оқулық / В.В. Братков, Н.И. Овдиенко; Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі.- Алматы, 2014.- 262 б.</p> <p>8. Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму пәнінен лекциялар жинағы [Мәтін]: оқу құралы / Р.Р Бейсенова; Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Үлттүк университеті.- Астана: Эверо, 2012.- 146 б.</p> <p>9. Экология және тұрақты даму: оқулық / М.С.Тонкопий, Г.С.Сатбаева, Н.П.Ишкулова, Н.М.Анисимова.- Алматы: Экономика, 2014.- 316 б.</p> <p>10. Экология және тұрақты даму [Мәтін]: оқулық / А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова [ж.т.б.]; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б.</p> <p>11. Баешова, А.К.Экология және тұрақты даму [Мәтін]: оқу құралы / А.К. Баешова, А.Б. Баев; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- 2-бас., өнд., толықт.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 2256.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	ТАК 1108 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі
Пәннің ПОҚ	Касенов К., Дюсембин Е.А., Жумабаева А.К., Ахмадиева Т.К., Жалгасбаев К.Ж.
Пән циклі Оқу деңгейі	Жалпы білім беретін пәндер циклы/ Таңдау компоненті Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны Оқыту формасы Семестр	5 Күндізгі I
Пәннің пререквизиттері	Биология, Химия, Физика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері Пәннің мақсаты	Қорытынды аттестаттау Технопарктегі адам қорғаныс принциптерімен антропогендік және табиғи шығудың жағымсыз әсерінен танысу, жайлы өмір жағдайына қол жеткізу. Өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу - адамдардың қызметіне, олардың өміріне және оның қоршаған ортасын зиянды факторлардың әсерінен қорғау үшін қолайлы жағдайлар жасау. Адам денсаулығы мен өмірі үшін төлейтін кез-келген зиян үшін «адам-мекендеу ортасы» жүйесінде жүйе қалыптастыруши фактор, оның жұмыс істеуінің түпкілікті нәтижесі және қоршаған ортаның сапа өлшемі.

Пәннің мазмұны	Қазақстан Республикасының ТҚ туралы заңнамасының негізгі ережелері; ТҚ үшін мемлекетаралық стандарттар; өмір қауіпсіздігінің нормативтік-құқықтық базасы; қызметкерлер мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері; өмір қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік басқару функциялары; мемлекеттік инспекторлардың құқықтары мен міндеттері.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді менгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін біледі; - ҚР Азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, ұйымдастыру принциптерін және жұмыс істеуін түсінеді; - азаматтық қорғаудың негізгі ұғымдарын, негізгі міндеттері мен принциптерін қолдана алады; - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға құзыретті.
Корытынды формасы	бақылау
Мерзімі Әдебиеттер тізімі	<p>Емтихан</p> <p>1 академиялық кезең (15апта)</p> <p>Негізгі әдебиеттер:</p> <p>1.Биоэкологиялық мониторинг: оқу құралы / Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахишева, Г.Е.Саспугаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б.</p> <p>2.Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі [Мәтін]: оқулық / К.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Науkenova, М.Қ.Жантасов.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.</p> <p>3.Абдрахманов С. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі [Мәтін]: оқу құралы / С. Абдрахманов, Н. Ермұханова.- Астана: Фолиант, 2015.- 192 б.- (Жоғары білім).</p> <p>4.Еңбек қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі [Мәтін]: оқу құралы / М.О.Байтуганова, Е.В.Комleva, Н.Ж.Нұрмажанбет, А.Р.Тусупханова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: ССК, 2019.- 424 б.</p> <p>5.Қыстаубаева З.Т. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері [Мәтін]: оқу құралы / З.Т. Қыстаубаева, А.Ш. Сарсембаева.- Алматы: ССК, 2019.- 272 б.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Тайжанов С. Өмір қауіпсіздігі негіздері [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / Сүгірәлі Тайжанов.- Алматы: Эверо, 2010.- 256 б.</p> <p>7. Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму: оқулық / Р.Р Бейсенова.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б.</p> <p>8. Аманжолов Ж.К. Еңбекті қорғау және азаматтық қорғаныс: 1-том: оқулық / Ж.К. Аманжолов, Д.С. Сыздықбаева, Ж.Ш. Матаев.- Алматы: ССК, 2019.- 232 б.</p>

Пәннің коды мен атауы	Mik 1202 Микроэкономика
Пәннің ПОҚ	Бекенова Г.Ы., Карымсакова Ж.К., Джумабаева А.М.
Пән циклі	Базалық цикл/ Жоғары оқу орны компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»

Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	II
Пәннің пререквизиттері	Экономика принциптері
Пәннің постреквизиттері	Макроэкономика, Кәсіпорын экономикасы
Пәннің мақсаты	Студенттерге микроэкономиканың әдістері туралы, нарықтық экономика субъектілерінің мінез-құлқын объективті бағалау үшін негізгі микроэкономикалық модельдер туралы және олардың бизнес-ортада табысты өзін-өзі жүзеге асыруы туралы түсінік беру
Пәннің мазмұны	Микроэкономиканың пәні мен әдістері. Экономиканы реттеудің нарықтық механизмі. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі. Салықтардың әсері. Тұтынушының мінез-құлқы теориясы. Салыстырмалы статика және сұранысты талдау. Өндіріс теориясы. Өндіріс шығындары. Фирманың мінсіз бәсекелестік жағдайындағы мінез-құлқы. Монополист- фирмандың тәртібі. Монополистік Бәсекелестік және олигополия жағдайындағы фирмандың тәртібі. Еңбек нарығы. Капитал нарығы және жер нарығы. Жалпы тепе-тендік және экономикалық тиімділік. Ақпараттың сыртқы әсерлері және асимметриясы. Қоғамдық игліктер.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: - графикалық модельдерді құру механизмін, экономикалық заңдардың әсері мен көрінуін біледі; - әр түрлі нарықтық құрылымдардағы экономикалық агенттердің өзара қарым-қатынасын түсінеді ; - микроденгейде әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарды есептеу және талдаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана алады ; - тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқаларын кәсіби әзірлеу және негіздеуге құзыретті .
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Паркин М. Микроэкономика [Текст]: оқулық / М. Паркин; қаз. тіліне ауд. Т.Керімбек, А.Куанышбекова, Ә.Мұхамеджанова.- Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 548 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 2. Бекжанова Г.Е. Микроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / Г.Е. Бекжанова.- Алматы: Экономика баспасы, 2012.- 192 б. 3. Габит Ж.Х. Микроэкономика [Мәтін]: оқулық / Ж.Х. Габит, А.Догалов, Н.Досмаганбетов.- Алматы: Print-S, 2012.- 424 б. 4. Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. 5. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 480 бет. 6. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика [Мәтін]: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн.

	<p>әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 306.</p> <p>7. Мәуленова С.С. Экономикалық теория [Мәтін]: 1-бөлім: оқу құралы / С.С. Мәуленова, С.Қ. Бекмолдин, Е.Қ. Құдайбергенов.- 2-бас., өнд.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 184 б.</p> <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <p>8. Пиндейк Р., Рубинфельд Д. Микроэкономика: пер. с англ..- М.: Дело, 2001.-808 с.- (зарубежный экономический учебник).</p> <p>9. Мухамедиев Б.М. Микроэкономика: учебник. Рек. МОН РК. - Алматы: Қазақ ун - ті, 2014. - 309 с.</p> <p>10. Нуреев Р.М. Курс микроэкономики: учебник/ Р.М. Нуреев.- 3-е изд. испр. и доп.-М.: Юр. НОРМА, НИЦ ИНФРА - М, 2016. - 624 с.</p> <p>11. Мэнкью, Н. Микроэкономика. / Н. Мэнкью. - СПб.: Питер, 2013. - 544 с.</p> <p>12. Деньгов В.В. Микроэкономика в 2 т. т.2. рынки факторов производства. равновесие. экономика риска 4-е изд. учебник для бакалавриата и магистратуры / В.В. Деньгов. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 384 с.</p> <p>13. Маховикова, Г.А. Микроэкономика 2-е изд., пер. и доп. учебник и практикум для спо / Г.А. Маховикова. - Люберцы: Юрайт, 2016.-281 с.</p> <p>14. Тарануха Ю.В. Микроэкономика (тесты, графические упражнения, задачи): Учебное пособие / Ю.В. Тарануха; Под общ. ред. А.В. Сидорович. - М.: ДиС, 2013. - 208 с.11.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	EIT 1203 Экономикалық ілімдердің тарихы
Пәннің ПОҚ	Карымсакова Ж.К., Джумабаева А.М., Саяпил А.
Пән циклі	Базалық цикл/ Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	II
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы (мектеп бағдарламасы), Экономика принциптері
Пәннің постреквизиттері	Макроэкономика, Менеджмент
Пәннің мақсаты	Студенттерде экономикалық идеялар мен экономикалық теорияға көзқарастарды жүйелеудің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, шаруашылық өмір тәжірибесі мен қоғамның даму тарихының барлық кезеңінде әртүрлі теориялық мектептердің, экономикалық ойлардың ағымдары мен бағыттарының пайда болуына ықпал еткен көрнекті экономистердің шығармашылық мұрасының қолданбалы экономикалық пәндерін зерттеу үшін маңыздылығын көрсету.
Пәннің мазмұны	Тарихының пәні экономикалық ғылым. Ежелгі әлемнің экономикалық ілімдері. Феодализм дәүірінің экономикалық ойы. Меркантилизм. Классикалық Экономикалық мектеп. Физиократизм. Утопиялық социализм. Маркстік саяси экономия. Неоклассикалық бағыт. 19 ғасырдың аяғындағы

	<p>Ресейдің экономикалық ойы. Институционализм. Кейнсиандық. Экономикалық ілімдерді дамытудың қазіргі кезеңі. Экономикалық ойдың қалыптасуы (индустрияға дейінгі әлем). Ежелгі әлемнің экономикалық ойы. Ортағасырлардың экономикалық ойы. Индустріалды және постиндустриялық қоғам теориялары.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді менгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жетекші мектептердің негізгі ерекшеліктерін және экономикалық ғылымның бағыттарын біледі; -экономикалық ғылымның жетекші мектептері мен бағыттарының негізгі ерекшеліктерін; макро-және микро деңгейде қазіргі экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын түсінеді; - әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттар бөлінісінде экономикалық теорияның негізгі ұғымдарын, санаттары мен құралдарын қолданады; - азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін қоғамның тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын талдауға құзыретті.
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исқалиев М.Д. Экономика ілімінің тарихы: 3 томдық. 1-том / М.Д. Исқалиев; ҚР білім және ғылым м-гі.- Алматы: [б. ж.], 2013.- 304 б. 2. Исқалиев М.Д. Экономика ілімінің тарихы [Мәтін]: 3 томдық. 2-том: оқу құралы / М.Д. Исқалиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Жания-Полиграф, 2013.- 340 б. 3. Молдашов Н.О. Экономика ілімінің тарихы [Мәтін]: кестелі оқу құралы (практикум) / Н.О. Молдашов, А.Қ. Ауелбекова.- Алматы: Эверо, 2020.- 140 б. 4. Усенов С.А. Экономикалық теорияның қысқаша курсы [Мәтін]: оқу құралы / С.А. Усенов, А.С. Усенова, М.У. Спанов.- Алматы: Полиграфкомбинат, 2019.- 72 б. 5. Экономикалық ілімдер тарихы [Мәтін]: оқу құралы / Б.Нұрманова, Ф.Даулиева, Г.Төлешова, З.Ахметова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 223б. 6. Благих И.А. История экономических учений: учебник для академического бакалавриата / И.А. Благих, А.Н. Дубянский. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 611с. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 7. Экономикалық ілімдер тарихы [Мәтін]: оқулық / Θ.Қ.Шеденов, Б.А.Жұнісов, Ү.С.Байжомартов [ж.т.б].- Алматы: А-Полиграфия, 2006.- 314 б. 8. Войтов, А.Г. История экономических учений: учебное пособие для бакалавров / А.Г. Войтов. - М.: Дашков и К, 2016. - 232с. 9. Гловели Г.Д. История экономических учений: учебное пособие для бакалавров / Г.Д. Гловели. - М.: Юрайт, ИД Юрайт, 2013. - 777с.

	<p>10. Шишкин М.В. История экономических учений: учебник для бакалавров / М.В. Шишкин, Г.В. Борисов, С.Ф. Сутырин. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 383с.</p> <p>9. История экономических учений: учебник / под ред. А.С. Квасова. - М.: ЮНИТИ, 2016. - 495с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	КЕ 1203 Қазақстан экономикасы
Пәннің ПОҚ	Бекенова Г.Ы., Карымсакова Ж.К., Джумабаева А.
Пән циклі	Базалық цикл/ Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	II
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасы), Экономика принциптері
Пәннің постреквизиттері	Макроэкономика, Кәсіпорын экономикасы
Пәннің мақсаты	Студенттерді республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты мәселелерімен таныстыру
Пәннің мазмұны	Курстың пәні мен міндеттері. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық жағдайы. 1917-1928 жылдар аралығындағы Қазақстан экономикасы. Соғысқа дейінгі бесжылдық (1928-1941 жж.) жылдардағы Қазақстан экономикасы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның халық шаруашылығы. Соғыстан кейінгі бесжылдық жылдардағы Қазақстан экономикасы. Қайта құру кезіндегі Қазақстан экономикасы. (1986-1991жж.). Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан экономикасы.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: - Қазақстан халық шаруашылығының даму тарихын біледі ; - ел экономикасының негізгі заңдары мен даму ерекшеліктерін түсінеді ; - елдің дамыуын экономикалық талдау әдістерін қолдана алады ; - Қазақстан экономикасын дамыту мәселелерінде құзыретті .
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Трансформация экономики Казахстана [Текст] / Н.Байгабылов, В.Додонов, А.Каукенов [и др.]; Фонд им. К.Аденauer.- Астана: IndigoPrint, 2019.- 368 с. 2. Послание Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 3. Қазақстан экономикасындағы мемлекеттік басқару: оку құралы / Д.М.Төреқұлова, Б.Т.Бейсенғалиев, Б.Қ.Жұманова, Н.А.Құрманов.- Алматы: Эверо, 2017.- 264 б. 4. Алшанов Р.А.Экономика независимого Казахстана: достижения и пути развития [Текст] / Р.А. Алшанов;

	<p>Ассоциация вузов РК.- Алматы: Print-S, 2012.- 448 с.</p> <p>5. Государственное управление экономикой в Казахстане: учебное пособие / Д.М.Турекулова, Б.Т.Бейсенгалиев, Б.К.Жуманова, Н.А.Курманов.- Алматы: Эверо, 2017.- 288с.</p> <p>6. Сидорович А.В. Ұлттық экономика [Мәтін]: оқулық / А.В. Сидорович Ә.Ә. Әбішев; Қазақстан Республикасының білім және Фылым Министрлігі.- Алматы: Дауір, 2011.- 616 б.</p>
--	--

Білім беру бағдарламасы: «6B04102 – МЕНЕДЖМЕНТ»

Берілетін дәреже:
«6B04102 – Менеджмент»
 білім беру бағдарламасы бойынша
 экономика және бизнес бакалавры

2 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер	
3 СЕМЕСТР – 32 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ				
<i>Міндетті компонент – 2 кр.</i>				
ЖББП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2	
<i>Жогары оқу орны компоненті – 15 кр.</i>				
БП	Mak 2205	Макроэкономика	5	
БП	Sta 2206	Статистика	5	
БП	Men 2210	Менеджмент	5	
<i>Таңдау компоненті – 15 кр.</i>				
БП	Eko 2209	Эконометрика	5	
	EM 2209	Экономикадағы математика		
БД	Mar 2211	Маркетинг	5	
	Log 2211	Логистика		
БП	IK 2213	Іскерлік қағаздар	5	
	BE 2213	Бизнес этикасы		
4 СЕМЕСТР – 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ				
<i>Міндетті компонент – 12 кр.</i>				
ЖББП	Fil 2102	Философия	5	
ЖББП	AKT 2105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5	
ЖББП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2	
<i>Жогары оқу орны компоненті – 13 кр.</i>				
БП	BE 2214	Бухгалтерлік есеп	4	
БП	Kar 2215	Қаржы	4	
БП	OP 2220	Өндірістік практика I	5	
<i>Таңдау компоненті – 5 кр.</i>				
БП	HE 2212	Халықаралық экономика	5	
	AE 2212	Әлемдік экономика		

Пәнді сипаттау формулары

Пәннің коды мен атауы	Mak 2205 Макроэкономика
Пәннің ПОҚ	Бекенова Г.Ы., Карымсакова Ж.К., Саяпил А.
Пән циклі	Базалық цикл / Жоғары оқу орны компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Экономика принциптері, Микроэкономика
Пәннің постреквизиттері	5 модуль: Әкімшілік менеджмент
Пәннің мақсаты	Экономикалық саясаттың нәтижелілігін объективті бағалау мақсатында макроэкономиканың принциптері, әдістері, негізгі макроэкономикалық модельдер туралы түсінік беру.
Пәннің мазмұны	Макроэкономиканың пәні мен әдістері. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық кірісті өндіру және бөлу. Экономикалық өсу. Макроэкономикалық тұрақсыздық: экономикалық циклдар, жұмыссыздық, инфляция. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдердегі нарықтық тепе-тендіктің макроэкономикалық модели. AD-AS модель. Тұтыну және жинақтау. Мемлекеттік бюджет. Фискалдық саясат. Ақша сұранысы мен ұсынысы. Монетарлық саясат. Нарықтардың өзара іс-қимылы. IS-LM модель. Экономикалық циклдер және мемлекеттік борыш. Төлем балансы және оның құрылымы. Ашық экономика үшін IS-LM модель. Айырбас бағамының режимдері және жиынтық сұраныс. Халықаралық сауда және сауда саясаты. Халықаралық сауда және сауда саясаты.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: - макроэкономикалық модельдерді құру ерекшеліктерін білу; макроэкономикалық теорияның негізгі тұжырымдамаларының принциптері мен құралдары арасындағы айырмашылықты біледі ; - макроэкономикалық нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл механизмін түсінеді ; - макроэкономикалық саясаттың тиімділігін талдау кезінде нормативтік-құқықтық базаны, статистикалық, экономикалық-математикалық әдістерді қолдана алады ; - әр түрлі елдердегі макроэкономикалық саясаттың нәтижелілігін салыстыра білу; заманауи макроэкономикалық құбылыстарға өз көзқарасын дәлелдеуге құзыретті .
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Мэнкью Н.Г. Экономикс / Н.Г. Мэнкью, М.П. Тейлор; ауд. Л.Ә.Бимендиева, Р.Д.Досжан, Г.К.Иляшова [ж.т.б.].- 4-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 848 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 2. Догалов А.Н. Макроэкономика [Мәтін]: экономикалық

	<p>мамандықтарға арн. оқулық / А.Н. Догалов, Н.С. Досмағанбетов.- Алматы: Дәүір, 2012.- 416 б.</p> <p>3. Көшімова М.Ә. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б.</p> <p>4. Жолдасова Г. Экономика негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Г. Жолдасова.- 2 -ші басылым.- Астана: Фолиант баспасы, 2011.- 224 б.- (Кәсіптік білім).</p> <p>5. Мэнкью, Н. Макроэкономика [Текст] / Н. Мэнкью, М. Тейлор.- 2-е изд.- СПб.: Питер, 2016.- 560 с.</p> <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Физзатова А.И. Макроэкономика: оқу құралы / А.И. Физзатова, А.А. Ким; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2014.- 408б.</p> <p>7. Лашкарева О.В. Макроэкономика: учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 324 с.</p> <p>8. Лашкарева О.В. Макроэкономика: метод. указания для подготовки к семинарам для студентов экон. спец. / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 64 с.</p> <p>9. Мэнкью Н. Макроэкономика / Н. Мэнкью, М. Тейлор.- 2-е изд.- СПб.: Питер, 2016.- 560 с.</p> <p>10. Капканщикова С.Г. Макроэкономика: учебник для вузов / С.Г. Капканщикова.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: КНОРУС, 2015.- 406с.</p> <p>11. Марыганова Е.А. Макроэкономика: экспресс курс: учебное пособие / Е.А. Марыганова, С.А. Шapiro; Рос. академия предпринимательства.- М.: КНОРУС, 2015.- 300 с.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	Sta 2206 Статистика
Пәннің ПОҚ	Байболтаева Н.А., Шегір Ғ.
Пән циклі	Базалық цикл / Жоғары оқу орны компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	ІІІ
Пәннің пререквизиттері	Экономика принциптері, Микроэкономика
Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп, Қаржы
Пәннің мақсаты	Статистикалық әдіснаманы оқу: статистикалық деректерді жинау, талдау әдістерінің, жинақтаудың жалпы принциптерін, тәсілдерін, әдістерін, талдауын өңдеу, жаппай қоғамдық құбылыстар мен процестердің даму заңдылықтары мен урдістерін, олардың сандық сипаттамаларын зерттеу.
Пәннің мазмұны	Статистиканың пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтер және топтастыру. Абсолюттік және салыстырмалы шамалар. Вариацияның орташа шамалары мен көрсеткіштері. Ірікеп бақылау. Динамика қатары. Индекстер. Элеуметтік-экономикалық құбылыстардың өзара байланысын Статистикалық зерттеу. Халық және еңбек ресурстары статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы.

Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді менгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - статистикалық деректерді жинау, өндегу және талдаудың жалпы принциптерін, тәсілдерін, әдістерін біледі; - әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді есептеу техникасын түсінеді; - әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді талдауда статистикалық әдістерді қолдана алады; - статистикалық зерттеулерді үйымдастыру мен жүргізуде, олардың нәтижелерін талдау мен болжауда, сондай-ақ нақты макро-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу кезінде экономикалық статистикада осы әдістерді пайдалануда құзыретті.
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттік статистика туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы [Электрондық ресурс]: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000257_ 2. Байдильдина А.М. Статистика [Текст]: учебное пособие / А.М. Байдильдина; КазНУ им. аль-Фараби.- Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 346 с. 3. Иматаева А.Е. Статистика [Текст]: учебник / А.Е. Иматаева.- Алматы: Альманах, 2019.- 135 с. 4. Хили Д.Ф. Статистика негіздері: әлеуметтік зерттеу құралы [Мәтін] / Д.Ф. Хили; қаз. тіліне ауд. М.Маудышариф, А.М.Мусина.- Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 576 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 5. Ахметов Қ.А. Компьютерде қолданбалы статистика [Мәтін]: жоғары оқу орындарының техн., аграр., инженерлік және экон. бағыттағы маман. арн. оқу құралы / Қ.А. Ахметов, Г.О. Сейдалиева, Б.К. Молдабеков; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2018.- 83 б. 6. Буре В.М. Методы прикладной статистики в R и Excel: учебное пособие / В.М. Буре, Е.М. Париллина, А.А. Седаков.- СПб.: Лань, 2016.- 152 с. 7. Мурсалимова Т.М. Статистика. Индивидуальные задание: учебное пособие / Т.М. Мурсалимова; МОН РК; НОУ Алматы менеджмент унив.- 2-е изд., перераб. и доп.- Алматы: Алла прима, 2015.- 406 с. 8. Дуглас К.М. Сапаны бақылаудың статистикалық әдістері: заманауи кіріспе: 2-том: оқулық / К.М. Дуглас; ағыл. тілінен ауд. С.Ж.Айжамбаева, Г.Ө.Мұқатай; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- 7-бас.- Алматы: ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастыры, 2017.- 404 б. 9. Үрістенбекова Б. Әлеуметтік-экономикалық статистика [Мәтін]: оқу құралы / Б. Үрістенбекова.- Алматы: Эверо, 2020.- 132 б. 10. Дүйсенбекова О.О. Өнім және үрдістер сапасын басқарудың статистикалық әдістері [Мәтін]: оқу құралы / О.О.

	<p>Дүйсенбекова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 184 б.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>11. Махамбетов, Н.Ә. Статистика [Мәтін]: оқулық / Н.Ә. Махамбетов, Ы.Ә. Әміреев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Қазақ Үлттық Аграрлық университеті.- Алматы, 2013.- 272 б.</p> <p>12. Чайковская, Л.П. Инновациялар: менеджмент, статистика есеп және аудит [Мәтін]: оқу құралы / Л.П. Чайковская, У.А. Аманбаев, С.И. Рыбакова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2012.- 231 б.</p> <p>13. Статистика (экономика, бухгалтерлік есеп, аудит) [Мәтін]: оқулық / Н. Шайтова; Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігі.- Астана: Фолиант баспасы, 2010.- 216 б.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	Men 2210 Менеджмент
Пәннің ПОҚ	Есенгазиева С.К., Исмаилова А.К., Казыбаева М.Н.
Пән циклі	Базалық цикл / Жоғары оқу орны компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Экономика принциптері, Микроэкономика
Пәннің постреквизиттері	6 модуль: Бизнес және экономика
Пәннің мақсаты	Студенттердің кәсіпорынды ұйымдастыру және басқарудың негізгі принциптері мен әдістерін менгеру, қазіргі заманғы шаруашылық жағдайында кәсіпорындарды басқару теориясы мен тәжірибелінде негіздерін оқу, жүйелу және бекіту.
Пәннің мазмұны	Менеджменттің әдіснамалық негіздері. Менеджмент қызмет түрі ретінде. Менеджмент эволюциясы. Ұйым субъект және басқару объектісі ретінде. Менеджменттегі интеграциялық процестер. Ұйымдардағы коммуникация және менеджмент. Менеджмент үдерісіндегі басқарушылық шешімдер. Менеджмент функциялары. Менеджмент жүйесіндегі стратегиялық және тактикалық жоспарлау. Өкілеттіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру. Менеджменттегі қызметті ынталандыру. Менеджмент жүйесіндегі реттеу және бақылау. Топтық динамика және көшбасшылық. Адам қызметін басқару және топты басқару. Басшылық: билік және ықпал. Көшбасшылық негіздері және басшылық стилі. Қақтығыстар теориясының негіздері. Басқару қызметінің мәдениеті.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді менгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - менеджменттің негізгі ұғымдарын, оның мақсаттарын, міндеттерін, принциптері мен әдістерін; кәсіпорынның стратегиясын әзірлеу; ұйымдағы жеке тұлғаның мінез-құлқы, ұйымдағы басқа адамдармен және топтармен өзара іс-қимыл жасауды біледі; - персоналды басқару қызметін ұйымдастыруды түсінеді; - кәсіпорынды басқару тактикасын қолдана алады; - басқару саласында абстрактілі, жүйелі, аналитикалық ойлау қабілеттеріне, қарым-қатынас және командада жұмыс істеу дағдыларына ие ұйым басшысы мен көшбасшысы болуға

		құзыретті.
Корытынды формасы	бақылау	Емтихан
Мерзімі		1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі		<p style="text-align: center;">Негізгі әдебиеттер:</p> <p>1. Гэмбл Дж.Э. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа үмтүлу / Дж.Э. Гэмбл, М.А. Питеред, А.А. Томпсон; ауд. Ж.Күшебаев; «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 536 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</p> <p>2. Laurie, J.Mullins. Management & organisational behaviour [Текст] / J.Mullins Laurie.- 9-е изд.- Prentice Hall, 2010.- 860 с.</p> <p>3. Dorfman, H.Economics and Management of the Food Industry [Текст] / H. Dorfman.- London-New York: Taylor & Francis, 2014.- 197 р.</p> <p>4. Гриффин Р.У. Менеджмент [Мәтін] / Р.У. Гриффин; ауд. Г.А.Абдуллина, Ж.Т.Абишева, А.С.Исмагулова [ж.т.б].- 12-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 768 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)</p> <p>5. Мустафин М.А. Современная теория менеджмента: концепции, модели, подходы, достижения мировых бизнес - школ [Текст]: учебное пособие / М.А. Мустафин.- Алматы: KazBookTrade, 2015.- 153 с.</p> <p>6. Дамитов С.К. Основы современного менеджмента [Текст]: учебник / С.К. Дамитов.- Алматы: KazBookTrade, 2014.- 556 с.</p> <p>7. Драчева, Е.Л. Менеджмент [Текст]: учебник / Е.Л. Драчева, Л.И. Юликов.- 15-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2014.- 301с.</p> <p>8. Косьмин А.Д. Менеджмент [Текст]: учебник / А.Д. Косьмин, Н.В. Свintицкий, Е.А. Косьмина.- 6-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2014.- 208 с.</p> <p>9. Керимова У.К. Менеджмент [Электронный ресурс]: оку құралы / У.К. Керимова, К.Ж. Байгелов, Ж.А. Жайлаубаева; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: ҚазҰАУ, 2013 ж.- 29, 7 Мб.- (Қазақ ұлттық аграрлық университеті)..</p> <p style="text-align: center;">Қосымша әдебиеттер:</p> <p>10. Brown J.Horse business management:managing a successful yard [Текст]: учебное пособие / Jemery Brown, Marsus Clinton.- Wiley-Blackwell: Publishing, 2010.- 275р.</p> <p>11. Уилтон Н. HR-менеджментке кіріспе / Н. Уилтон; ауд. Г.Әбішева, А.Бергалиева, Г.Жолдасбаева [ж.т.б.]; «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры.- 3-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 532 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</p> <p>12. Шиллинг М.А. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент / М.А. Шиллинг; ауд. С.Зиядин, Г.Жолдасбаева, А.Бергадиева; «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 380 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</p>

	<p>13. Байтиленова Е.С. Стратегиялық менеджмент: оқу құралы / Е.С. Байтиленова, Д.С. Байтиленова.- Алматы: Эверо, 2017.- 144 б.</p> <p>14. Бакирбекова А. Инновациялық жобаларды басқару [Мәтін]: оқу құралы / А. Бакирбекова; Л.Н.Гумилев атын. Еуразия ұлт. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2017.- 212 б.</p> <p>15. Дорф Р.К. Замануи басқару жүйелері: 3-том: оқулық / Р.К. Дорф, Р.Х. Бишоп; ағыл. тілінен ауд. Қ.М.Төреканова, Б.М.Саяқова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Дәуір, 2017.- 338 б.</p> <p>16. Маликтаева П.М. Сапа менеджменті жүйесінің негіздері: оқулық / П.М. Маликтаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 244 б.</p> <p>17. Уркунчиев Е.М. Өндірістік менеджмент: оқу құралы / Е.М. Уркунчиев, А.М. Жусанбаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 160 б.</p> <p>18. Уркунчиев Е.М. Менеджмент: оқу құралы / Е.М. Уркунчиев, Б.Ж. Ахметов, И.Ш. Шоханов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эверо, 2017.- 274 б.</p> <p>19. Educational Management: textbook / A.N.Kosherbayeva, K.K.Zhampeisova, S.K.Islamgulova, Sh.Zh.Kolumbayeva; Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.- 307 p.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	Eko 2209 Эконометрика
Пәннің ПОҚ	Ахметов К.А., Кожамкулова Ж.Ж., Тойлыбаев Н.
Пән циклі	Базалық цикл / Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6B04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	III
Пәннің пререквизиттері	Экономика принциптері, Микроэкономика
Пәннің постреквизиттері	Бухгалтерлік есеп, Қаржы
Пәннің мақсаты	Білім алушыларда эконометриялық модельдерді құру тәжірибесін алу, модель параметрлерін бағалау әдісін таңдау, нәтижелерді түсіндіру, тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың болжамды бағаларын алу процесінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру
Пәннің мазмұны	Эконометриканың пәні мен міндеттері. Экономикалық-математикалық пәндер арасындағы эконометриканың орны. Теориялық және іріктеу сипаттамалары. Корреляциялық-регрессиялық талдаудың негізгі алғышарттары мен міндеттері. Регрессия функциясы және регрессия тендеуін таңдау әдістері. Регрессия тендеуінің коэффициенттерін есептеу үшін ең кіші квадраттар әдісі. Регрессияның сызықтық тендеуінің коэффициентіне қатысты гипотезаларды тексеру. Стыденттің t-статистикасы. Көпше регрессия және оның матрицалық түрі. Көпше регрессия модельінің сапасын бағалау: Фишердің F-критерийі, Стыденттің t-критерийі. Мультиколлинеарлық құбылыс. Регрессияның сызықты емес модельдері. Айнымалыларды турлендіру.

	Гетероскедастикалықтың пайда болу себептері мен салдары. Динамикалық қатар. Уақыт бойынша корреляция. Кездейсоқ мүшениң автокоррелденуі. Автодорреляцияның салдары. Автокорреляцияны анықтау үшін Дарбин-Уотсон стилистикасын пайдалану. Автокорреляцияны жою тәсілдері.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді менгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдаудың жалпы принциптерін, әдістері мен тәсілдерін біледі; - әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді есептеу техникасын түсінеді; - эконометриялық модельдерді құрудың стандартты әдістерін қолданады; - экономикалық үрдістер мен құбылыстарды сипаттау негізінде теоретикалық және экономикалық модельдерді құруға, алынған нәтижелерді талдауға және мазмұнды түрде түсіндіруге құзыретті.
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тимофеев В. С. Эконометрика: учебник для академического бакалавриата / В. С. Тимофеев, А. В. Фаддеенков, В. Ю. Щеколдин. -2-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2018. - 328 с. 2. Үсіпбаева М.Е. Эконометрика [Мәтін]: оқу құралы / М.Е. Үсіпбаева.- Алматы: Эверо, 2020.- 184 б. 3. Емелина Н.К. Эконометрика [Текст]: учебное пособие / Н.К. Емелина, Н.Г. Козлова.- Алматы: Эверо, 2020.- 212 с. 4. Герасимов А.Н. Эконометрика [Текст]: учебное пособие / А.Н. Герасимов, Е.И. Громов, Ю.С. Скрипниченко.- Ростов-на-Дону: Феникс, 2017.- 540 с.- (Высшее образование). 5. «Эконометрика» пәнінен экономикалық мамандықтарына арналған методикалық нұсқау / құраст. Н.С.Тойлыбаев, Г.Е.Сапиева; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2018.- 56 б. 6. Кадыrbеков Т.К. Болжаудың экономикалық-математикалық және эконометрикалық үлгілері [Мәтін]: оқу әдістемелік құрал / Т.К. Кадыrbеков, А. Мұқанқызы.- Алматы: Эверо, 2020.- 132 б. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 7. Валентинов В.А. Эконометрика: учебник / В.А. Валентинов.- 2-е изд.- М.: Дашков и К*, 2010.- 448 с. 8. Тіреуов К.М. Эконометрика: оқулық / К.М. Тіреуов, К.А. Ахметов, Р.А. Асаев; Қазақстан Республикасының білім және Фылым Министрлігі.- Алматы: Дәуір, 2011.- 304 б. 9. Антохонова И.В. Методы прогнозирования социально-экономических процессов: учебное пособие для вузов / И. В. Антохонова. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2018. - 213 с. 10. Гармаш А. Н. Экономико-математические методы и прикладные модели: учебник для бакалавриата и магистратуры / А. Н. Гармаш, И. В. Орлова, В. В. Федосеев ; под ред. В. В. Федосеева. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.:

	<p>Издательство Юрайт, 2017. - 328 с</p> <p>11. Красс М. С. Математика в экономике. Базовый курс : учебник для бакалавров / М.С. Красс. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2019. - 470 с.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	ЕМ 2209 Экономикадағы математика
Пәннің ПОҚ	Серикбаев А.У., Алдибаева Л.Т., Нұрқамыт А.Б.
Пән циклі	Базалық цикл / Таңдау компоненті
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	«6В04102 – Менеджмент»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	ІІІ
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы), Экономика принциптері, Микроэкономика
Пәннің постреквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Кәсіпорын экономикасы
Пәннің мақсаты	Экономикадағы математиканың қажеттілігін нақты түсінуді қамтитын студенттердің математикалық мәдениетін қалыптастыру.
Пәннің мазмұны	Сызықтық және векторлық алгебра. Жазықтық пен кеңістіктегі Аналитикалық геометрия. Математикалық талдау. Бір айнымалы функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептелуі. Теория қатарлары. Дифференциалдық теңдеулер. Үйкималдықтар теориясы және математикалық статистика.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді менгергеннен кейін бакалавр: <ul style="list-style-type: none"> - матрицалар алгебрасын, символикалық есептеуді, операциялық есептеулердің математикалық қосымшаларын, сондай-ақ инженерлік есептердің модельдерін, әдіснамасын, инженерлік есептерді шешу үшін математикалық әдістер мен модельдерді пайдалануды біледі; - физиканың негізгі зандарын, теориялық механиканы түсінеді, инженерлік есептерде математикалық талдау және математикалық физика әдістерін қолдана алады; - инженерлік есептерді математикалық модельдеу әдістерін, бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеу дағдылары қолдана алады; - инженерлік мәселелерді модельдеу және оларды шешу бойынша құзыретті.
Корытынды бақылау формасы	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
